

gorenje



KR 1800SDP

KR 1800SM

Пайдалану жөніндегі басшылық KZ



- 1 ЖОҒАРҒЫ ҚУЫРУ ПЛАСТИНАСЫ
- 2 ТӨМЕНГІ ҚУЫРУ ПЛАСТИНАСЫ
- 3 МАЙ ЖИНАУҒА АРНАЛҒАН САҒЫЛАУ
- 4 ГРИЛЬ САБЫ
- 5 ТЕМПЕРАТУРАНЫ РЕТТЕГІШ
- 6 ЖҰМЫСТЫҢ ЖЕЛІЛІК ИНДИКАТОРЫ

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



Маңызды ескерту! Жұмыс кезінде аспап қызады. Күю қауіпі бар! Қолданып болған соң аспапты толықтай суытыңыз! Жұмыс кезінде аспап корпусы қатты қызады. Гриль тұтқасын немесе қармауышты қолданыңыз.

- Аспапты алғаш қолданар алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Аспаппен, оны қолданумен танысып шығыңыз және пайдалану кезінде қателердің алдын алыңыз.
- Қауіпсіздіктің алдын алу үшін аспап сыртқы таймерге және қашықтықтан басқару жүйесіне жалғанбаған.

- Аспапты сегіз жастан асқан балаларға және физикалық, қозғалу және психикалық қабілеттері шектелген адамдарға, сонымен қатар оны қолдану үшін жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға тек тәжірибесі бар адамның қадағалауымен немесе егер олар аспапты қолдануға үйретілген болса және аспапты дұрыс пайдаланбауға байланысты туындауы ықтимал қауіпті түсінген жағдайда ғана осы аспапты қолдануға рұқсат етіледі. Аспап жұмысы кезінде балаларды қадағалаңыз. Балаларға аспаппен ойнауға рұқсат етпеңіз!
- Сегіз жасқа толмаған балалар аспапқа жақын жерде жүрмеуі немесе тұрақты бақылауда болуы тиіс.
- Сегіз жасқа толмаған балалар аспапты үлкендердің қадағалауымен ғана тазалай және қызмет көрсете алады!

- Аспап пен желілік шнур 8 жасқа толмаған балалардың қолы жетпейтін жерде тұруы тиіс.
- Аспап тағам дайындауға арналған. Аспапты басқа мақсатта қолдануға және оның құрылымын өзгертуге тыйым салынады.
- Желілік шнурдың грильдің ыстық бөліктеріне тиіп тұрмауын қадағалаңыз.
- Пайдалануды бастамас бұрын қуыру пластиналарын мұқият тазалап алыңыз.
- Орнатуды бастамас бұрын қуыру пластиналарын мұқият кептіріп алыңыз.
- Қуыру пластиналарының сенімді бекітілгеніне және ілмектің жабық күйде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Аспапты және желілік кабельді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Қосылған аспапты қараусыз қалдырмаңыз.
- Аспапты электр желісінен ажыратыңыз:
 - оны сақтауға қою алдында немесе қуыру пластиналарын ағытып алу алдында,
 - тазалау немесе техникалық қызмет көрсету алдында,
 - қолданып болған соң.
- Сертификатталған ұзартқыштарды ғана қолданыңыз.
- Аспапты ғимараттан тыс қолданбаңыз.
- Аспапты электр желісінен ажырату үшін желілік шнурдан емес ашадан тартыңыз.
- Аспапты қуыру пластиналары орнатылған күйде ғана қосыңыз.
- Аспапты суға батырмаңыз.
- Аспапты сақтауға жібермес бұрын толықтай суытып алыңыз.
- Қуыру пластиналарының жабынының зақымдалуының алдын алу үшін

- оларға металл заттарды тигізбеңіз.
- Жазатайым жағдайлардың алдын алу үшін бүлінген желілік шнурды ауыстыруды өндіруші, авторлық құқығы бар сервис орталығы немесе білікті маман ғана орындай алады!

Бұл аспап Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын қолдану туралы 2012/19/EU еуропа деректемесіне сәйкес таңбаланған (Waste Electrical and Electronic Equipment – WEEE). Осы деректеме ЕО барлық елдерінде қолданылатын электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын жинау және кәдеге жарату бойынша талаптарды анықтайды.

ЭЛЕКТРЛІК ГРИЛЬДІ ОРНАТУ

- Алғаш қолданар алдында аспапта тасымалдау кезіндегі бүлінулердің жоқтығын тексеріп алыңыз.
- Аспапты балалардың қолы жетпейтін жердегі тегіс бетке орнатыңыз. Жұмыс кезінде аспап қатты қызады!
- Аспапты электр желісіне жалғамас бұрын келесілерді тексеріңіз:
 - желілік кернеу аспап шильдасында көрсетілген кернеуге сәйкес келеді,
 - желілік розетка тоғының күші 10А-ден кем емес,
 - желілік розетка аспап ашасына (штепселіне) сәйкес келеді,
 - әйтпесе розеткасы ауыстырыңыз,
 - желілік розетка жерге тұйықталған.
- Өндіруші дұрыс пайдаланбау нәтижесінде орын алған залалдарға жауап бермейді.
- Алғаш қолдану алдында электро грильді қосып, оны ГРИЛЬ күйінде тағам салмай кемінде 10 минут қосып қыздырып қойыңыз (реттегіш 4 күйінде). Егер қызу процесінде жағымсыз иіс пайда болса, бөлмені желдетіп алыңыз.

ТҮЙІСПЕЛІ ЭЛЕКТРЛІК ГРИЛЬДІ ҚОЛДАНУ

Gorenje KR1800SDP / KR1800SM түйіспелі электрлік грилінің үш жұмыс күйі бар.

I. «ТОСТ» КҮЙІ

Жоғарғы пластинаны вертикаль күйге орнатыңыз. Тостты төменгі пластинаға қойыңыз және жоғарғы пластинамен жабыңыз. Тағамдарды қуыру пластинасының ортасына орналастырыңыз. Тосттарды дайындау кезінде жоғарғы пластинаны қаттырақ қысыңыз.

II. «ГРИЛЬ» КҮЙІ

Сондай-ақ төменгі пластинада да қуыруға болады, бұл ретте жоғарғы пластина оның үстіне параллель орналасады. Тағамды түпке немесе тікелей төменгі пластинаға қойыңыз. Жоғарғы пластинаны ол төменгі пластинаның астына параллель болып қалатындай етіп жабыңыз. Түпті ағытып алу үшін қармауышты қолданыңыз.

III. «АШЫҚ ГРИЛЬ» КҮЙІ

Грильді жоғарғы және төменгі пластиналар тегіс бет түзетіндей (біреуі екіншісіне қатысты 180° бұрышта болуы тиіс) немесе біреуі екіншісіне перпендикуляр (90° бұрышпен) болатындай етіп ашыңыз. Тағамдарды пластинаға салыңыз және қуырып алыңыз. Тағамның бір жағы жеткілікті қуырылған кезде оны аударыңыз. Дайындау барысында қуыру пластиналарының жабынын зақымдап алмау үшін ағаш немесе пластмасса құралдарды қолданыңыз.

ҚУЫРУ ПЛАСТИНАЛАРЫН АҒЫТЫП АЛУ

- Аспапты электр желісінен ажыратыңыз.
- Аспапты толығымен суытып алыңыз.
- Ашық гриль күйіндегі сияқты пластиналарды ашыңыз.
- Ілмекті жылжытып, пластинаны бірінен соң бірін ағытып алыңыз.

ҚУЫРУ ПЛАСТИНАЛАРЫН ЖҰМЫС КҮЙІНЕ ОРНАТУ

- Қисайтып тұрып, пластинаның артқы бөлігін саңылауға салыңыз.
- Ілмек ілініп, пластинаны орнына бекіткенге дейін пластинаны горизонталь күйге түсіріңіз.

ТАЗАЛАУ

- Тазалауды бастамас бұрын аспапты электр желісінен ажыратыңыз және оны суытыңыз.

- Ашық гриль күйіндегі сияқты пластиналарды ашыңыз. Пластиналарды ағытып алыңыз.
- Майды тазалау үшін пластиналарды бірнеше минутқа жуу құралы қосылған жылы суға салып алыңыз.
- Пластиналарды жуып, кептіріңіз.
- Аспап корпусын дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Агрессивті тазалау құралдары мен қатты материалдарды қолданбаңыз, өйткені олар аспап корпусын бүлдіруі мүмкін.

ЭЛЕКТРЛІК ГРИЛЬДІ САҚТАУ

Желілік шнурды аспап сабын айналдыра ораңыз және оны горизонталь немесе вертикаль күйге орнатыңыз. Аспапты балалардың қолы жетпейтін құрғақ жерде сақтаңыз. Сақтау үшін аспаптағы ілмекті қолданыңыз.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Бұйым тұрмыстық қалдық ретінде жойылмауы тиіс. Оны одан ары кәдеге жарату үшін оны электронды және электрлік жабдықтардың тиісті орындарына тапсырған жөн. Бұйымды **кәдеге жарату** ережелерін сақтау арқылы қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын ала аласыз.

КЕПІЛДІК ЖӘНЕ СЕРВИС

Ақаулар туындаған кезде авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз. Авторлық сервис орталықтарының тізімін «Кепілді міндеттемелер» кітапшасынан және www.gorenje.com сайтынан таба аласыз.

Тек тұрмыста қолдануға арналған!



Импорттаушы: «Горень БТ» ЖШҚ,
119180, Мәскеу, Якиманская жағ., 4, 1-құр. 1

GORENJE
АСПАПТЫ АСҚАН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН
ҚОЛДАНУЫҢЫЗДЫ ТІЛЕЙМІЗ!

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!